

Медицинское и фармацевтическое образование

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2017

УДК 61/07

**А. К. Султанов, С. Р. Жакенова, Е. А. Абжанов, К. Т. Тулекбаева, Д. Ш. Джакетаева,
А. К. Блялова, Д. С. Аубакирова, У. К. Маканова**

БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАМАНДАРДЫҢ ҚҰДІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ ӘДІС

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті №1 қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Бұл мақалада Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, №1 қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау кафедрасында белсенді оқытуудың қазіргі заман талабына сай жүргізудің әдістері мен түрлерін қолдану өзгешеліктеріне толығымен сыйпаттама берілген. Белсенді оқыту болашақ дәрігерлердің құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға, өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруге, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыт беруге үйретеді.

Кітт сөздер: интербелсенді әдістер, мәселелі дәріс, инновация, топпен жұмыс істеу әдісі

Казіргі ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны қүшейген заманда, студенттердің кәсіби ой-өрістерін қалыптастырып, қабілеттін, таланттын дамыту жоғарғы білім беру мекемелерімен оқытушылардың басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңарту оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Соңдықтан мемлекеттік оқытушылардың оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалы байланыста медициналық білім алу өздерінің қалауына сәйкес кез-келген үлгі бойынша бағытталған білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологияларды игеруге, қолдануға мүмкіндік туғызып отыр [1, 2]. Сонымен қатар жоғарғы медициналық оқу саласындағы оқытушыларының алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытуудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды менгеру яғни инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып сабактың сапалы әрі қызықты өтүіне ықпалын тигізу. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Әдептте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешүге бағытталады, яғни қазіргі студент, болашақ маман дәрігерлердің кәсіби шеберліктерін үздіксіз жаңғыруға жетелейді. Инновациялық әдіс-тәсілдерді жоғарғы медициналық оқу орындарында қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

• дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін

ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның медицинаның ғылыми саласын дамытуда әлеуметтік-психологиялық жауапкершіліктерін арттыруға;

• болашақ мамандықтарын, құндылық қарым-қатынастарын қалыптастыруға, өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруге, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыт беруге – оқыту технологиясын оқытуудың мазмұны мен әдістері, медицина саласында ғылыми ізденіс іс-әрекет жасау студенттерге өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға, инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағыттама береді;

• болашақ мамандардың аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыта отырып ғылыми әдістерді менгеруге яғни білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларды өз беттерінше қысқаша ауызша немесе жазбаша түрде әдеби шолуға, материал көздерін жинау мен бақылауға бағытталған басқада үйрету нұсқауларын оқытуға [1, 4, 5].

Қорыта келгенде, жаңа инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері болып әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде үйімдестердің білуге, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдалап алатындағы дәрежеде тәрбиелеуге, өз беттерінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыра отырып қазіргі заманың талабына жауап бере алатын, маман дәрігерлердің дайындау болып табылады.

Осыған орай, соңғы жылдары жоғарғы оқу орындары студенттеріне медициналық білім беруде, ақпарат алу технологияларында, көлемінде, оқыту формасының инновациялық өзгерістері үдемелі өтіп жатыр. Білікті мамандарды дайындау үлт денсаулығының

кепілі, халықтың сапалы медициналық көмек алуын қамтамасыз етудің қажетті жағдайы болып табылады.

Қазақстанда инновациялық инфрақұрылымды құру, яғни қоғамның барлық субъектілерімен, бірінші кезекте медициналық білім беру және еркін нарықтық қатынас жағдайында қоғамның барлық субъектілерімен өзара әрекеттесу мен зерттеушілік белсенділігін арттыра отырып, студент жастарды зерттеу процестеріне қатыстыру жолымен ғылым саласында оны белсенді пайдалануды қарастырады [1, 2, 3, 4]. Біздің республикамыздағы медициналық білім беру реформасы ең алдымен, сапалы медициналық көмек көрсете алатын жоғарғы кәсіби компетенттілігі бар бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауды және тәжірибелі, білімді-ғылыммен барынша жақыннатып ұштастыруды көздейді. Бұл инновациялық инфрақұрлым «инновация» біртұтас жүйесін қолдауды қамтамасыз етеді, денсаулық сақтау жүйесі еліміздің үлттық экономикалық доктринасының бір бөлігі ретінде елдің көпсалалы экономикасының жалпы құрылымында «бәсекені» қамтамасыз етуші технологияны пайдалануды біруақытта талап ететін ғылыми зерттемелердің коммерциализациясын құруды болжайды [3, 6]. Президенттіміз Н.Ә. Назарбаев белгілеген ұзақ мерзімді басымдылық «Денсаулық, Салауаттылық, Білім беру» призмасы арқылы «Инновация және бәсеке» принципін қарастыру Болон декларациясының негізінде ғылым және медициналық білім беру секторы үшін Бүкіләлемдік Сауда Ұйымының, Кедендік Одағының бірыңғай кеңістігінде нарықтық (қоғамдық) қатынастардың ортақтасуын көрсетеді [2, 7, 9]. ЖОО білім беру процесінің жетілдірілуі инновациялар (жаңа енгізулер) негізінде сапа менеджменті жүйесінің құрамына енгізу арқылы іске асырылуы тиіс. ЖОО сапа менеджменті жүйесін жасау мен енгізу инновацияларды енгізудің қуатты ынталандырушысы болып табылады [2, 9, 10].

Осыған байланысты Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің басқа кафедраларындағы сияқты, №1 қоғам салауаттылығы және денсаулық сақтау кафедрасында оқу-тәрбиелік процесіндегі бетбұрыс, Қазақстан Республикасы медициналық және фармацевтикалық білім беруін реформалау концепциясына негізделеді. Нарықтық жағдайда ғылым мен медициналық білім берудің сапасын арттыру жолдарын жасау, барысында кафедра оқытушылары

дәрістік және тәжіриелік сабактарға ерекше қоңыл бөледі. Студенттерге дәрісті оқу барысында психологиялық ұстаным жағынан аса тиімдісі, бұл кеңінен қолданылып жүрген және мультимедиялық презентацияларды пайдалану арқылы оқылатын мәселелі дәрістер болып табылады. Мәселелі дәрістер студент алдына тек мәселені ғана емес, сонымен қоса, оқу бағдардамасының қандай да бір сұрақтары бойынша ең соңғы медицинадағы ғылыми ақпараттарды береді, инновация арқылы медициналық білім беруді жетілдіруде олардың жанды қызығышылығын тудырады, пәнге деген ықыласы, ойлау қабілеттің дамытады, танымдылық қызметке дағылданырады. Оқытудың техникалық құралдарын пайдалану ең алдымен, компьютерлік көрнекіліктер, мультимедиялық презентациялар баяндалатын дәрістер көлемін арттыруға, көрсету процесінде субъективті факторлардың әсерін төмендетуге, мәліметтерді қабылдау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. [5, 6, 10].

Мәселелі дәрісті оқу барысында құнды көрнекті материалдарды пайдалану студенттерге ҚР-ғы және аймақтарындағы халықтың негізгі денсаулығының көрсеткіштеріннің мәліметтерін диаграммалар, слайдтар ретінде қолданау республика-мыздың, облыстармыздың, көршілес мемлекеттеріміздің мәліметтерімен салыстыра отырып қорытынды жасау, студенттерге жақсы есте сақтауға көмек бере отырып қажетті материалды қабылдаудың жаңа сапалы деңгейін жоғарлаттуға септігін тигізеді. Біздің көзқарасымыз бойынша, жаңа материалдың маңыздылығын ашуға мүмкіндік беретін, сәйкес түсіндірмелері бар көрнекіліктерді беру, яғни бұрынғы және қазіргі денсаулық сақтау жүйелеріндегі өзгерістерді, мәселелерді, жетістіктерді оны мультимедиялық түрде көрсету арқылы медицинаның даму механизмдерін көзөнім мен талқылап, қосымша пікір талас жүргізу, материалдың толығымен игеруге қол жеткізетінін көрсетті.

Қазіргі заманғы оқытушылардың алдына қойылатын негізгі талап, ол оқу материалдарын жандандыру, белсендіру үшін ақпараттық-коммуникативті технологияларды тиімді пайдалана алыу қажет, электронды оқу курсын үйімдестерде білу, online-сервис арқылы студенттер мен әріптестерімен қарым-қатынас жасай алыу болып табылады. Бір сөзben айтқанда, оқытушылар e-learning технологиясын жоғарғы деңгейде игере алыу қажет. Тиімді инновациялық білім беру

Медицинское и фармацевтическое образование

технологияларын ЖОО оқу процесіне енгізілуі, сонымен қатар оқытудың соңғы нәтижелерін объективті бағалау, кәсіби компетенттілікті қалыптастыруды оқытудағы екпінді ығыстыруға мүмкіндік береді. Болон процесі аясында компетенттілікке оқыту моделі іске асатын оқытудың барлық бағытында қолдануға болатын орта қалыптастырылған «Дублиндық» дескрипторлар – бағдарламасының барлық үш деңгейін менгерудің бірыңғай талаптар тізімі бар. ҚММУ 5В110200-«Қофамдық денсаулық сақтау» мамандығының түлегі игеруге тиісті шешуші компетенттілік болып табылады: биомедициналық ғылымдарды білуі, қофамдық денсаулықты басқару мен профилактикалық медицина дағдылары, коммуникативті дағдылары, командада жұмыс істеу дағдылары, ғылыми зерттеулер дағдылары, профессионализм, үнемі өзін жетілдіру дағдыларын [4, 7, 8]. Осылан орай кафедраның оқытушылары өз білімдері мен тәжрибелерін студенттерге аудиториялық сабактар мен СОӘЖ сабактарында, негізгі күшті сабакты түсінуге, нақты және анықталған мәлімет алуға және жеткізуге, жаңа тәжірибелік дағдыларға қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзінің алға ұмтылуы мен тұрақты профессионалдық деңгейін жоғарылатуға, және жеке маман ретінде, өзінің осы белсенділіктерін, өзін-өзі бағалау қабілеттілігін жетілдіруге бағыттайды, ол студенттерді заман талabyна сай, кәсіби маман ретінде қалыптасуына көмектеседі. Тәжірибелік сабактарда студенттерді оқыту барысында мынадай негізгі активті формадағы оқу әдістері қалыптастырылып жүргізілуде.

TBL (team based learning – кіші топтарда оқыту) әдісі қолданылады. Ол студенттердің кіші топтарда жұмыс істеу дағдысын дамытуға және топ арасында өз әрітестерімен, топ мүшелерінің пікірлерін, қабылдаған шешімдерін талқылауға және мәселені шешу жоспарын өндеп жасауға, топта жұмыс істеуде шығармашылық белсенділігін жігерлендіру негізінде студенттерге ситуацияның шешімінің бірнеше жауабының жолын айтуға мүмкіндік беретін, идеялармен шешімдерді қабылдаудың оперативті әдісі.

TBL әдісі – «ҚР-ның денсаулық сақтау жүйесіндегі заңдылықтар» атты эллектив пәнінде «Денсаулықты сақтау салындағы, дәрігерлер мен науқастардың құқықтары» атты тәжірибелік сабакта қолданылуда. Оnda студенттер қазіргі таңдағы денсаулық сақтау жүйелеріндегі Мемлекетіміздің конституциясында бекітілген дей науқастар мен

дәрігерлердің өз құқықтарын білуі, оның бұзылулары туралы мәселелерді, науқастар мен дәрігерлер арасында сұықпат алу арқылы алынған мәліметтерді топ бойынша жұмыс істеу барысында өз көзқарастарын, пікірлерін талқылай отырып, арнайы ситуациялық есептерді белсенді түрде шешуге мүмкіндік береді.

Мұндай оқыту әдісі студенттерге денсаулық сақтау жүйелеріндегі қазіргі таңдағы дәрігер мен науқастардың өз құқықтарымен жауапкершілктерін, міндеттерін білмеуі, оның бұзылу барысындағы негізгі мәселелерін топ бойынша ойланған отырып талқылауға, шешім қабылдауға, болашақ маман, занды тұлға ретінде өз міндеттері мен жауапкершілктерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы медициналық және фармацевтикалық білім беруін реформалау концепциясы негізінде біздің кафедрада бәсекелестікке қабілетті, қазіргі заман талabyна сай білім мен тәжірибені ғылыммен ұштастыратын білікті мамандарды дайындау мақсатында студенттер арасында - ғылыми зерттеу дағдысын менгеру әдісі кеңінен орын алған.

Ғылыми зерттеу дағдысының мақсаты әрбір білім алушының - оқытушының жетекшілігімен ҚР-ғы негізгі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді және және тұлғаның денсаулық көрсеткіштеріндегі өзгерістердің негізі заңдылықтармен тенденцияларын, жалпы денсаулыққа әсер ететін қауіп факторларын, атальған мәселелерді ғылыми тұрғыда анықтап шешу жолдарын, мақсатқа сай өз беттерінше ғылыми іздену жұмыстардың бағдарламаларын ұйымдастырып, ғылыми әдістерді қолдана отырып аналитикалық ойлау қабілетін дамыту барысында ғылыми іздеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар ғылыми зерттеу дағдысы студенттерді арнайы медициналық әдебиеттермен жұмыс істеуге, материал көздерін жинауға, ғылыми зерттеу материалдарын статистикалық әдістер бойынша өндеп, графикалық бейнелеп қысқаша ауызша немесе жазбаша түрде қорытынды жасауға және, ғылыми конференцияларда ғылыми еңбектерін баяндауға, ғылыми мақалалар жазуға, тағы басқада ғылыми зерттеуге бағытталған ғылыми нұсқауларды мегеруді де үйретеді. Ал болашақ маман дәрігер ретінде өз тәжірибелерінде ғылыми әдістерді ЕПҰ-ғы медициналық қызмет көрсеткіштерін, оларды есептеуде экономикалық әдістерді қолдануға,

ХАК-10 -ға сай медициналық тіркеу -есеп беру құжатын сапалы қолдана отырып сырқаттылықта сараптама жүргізуге, тұрғындардың денсаулық көрсеткіштерін дұрыс бағалап баяндауларына мүмкіндік береді. Фылыми зерттеу әдісі кафедра да қоғамдық денсаулық мамандығының 3, 4, 5 курс студенттері арасында жүргізілуде. Мұнда білім алушы әрбір студент жетекшінің жетекшілігімен қазіргі таңдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз таңдаулары мен 3- курста тақырып алып, әдеби шолу жүргізді және ғылыми тұрғыда бағдарлама жасайды. 4-курста арнайы анкеталық сауалнамалар дайындалады. Статистикалық зерттеулер жүргізілді материалдар, өндеп, талдап зерттеу қорытындысы мен жетістіктерін дипломдық жұмыс ретінде рәсімдел аудитория алдында баяндайды.

Бұл ғылыми зерттеу әдісі медициналық білім беру және ғылым саласында мамандарды дайындауда әлемдік ғылыми кеңістікті еркін бағдарлай алатын, жаңа форматтағы жас ғалымды сапалы дайындауға бағытталған, әсіресе қазіргі заманғы медицина ғылымдарының ең басты бағыттарының бірі және ЖОО Болон декларациясының базалық принципіне сәйкес магистр және PhD докторларын дайындауға, іс жүзінде медициналық кадрларды дайындау сапасын, яғни білім беру сапасының деңгейін арттыруға қол жеткізуге болады.

ҚОРЫТА КЕЛГЕНДЕ

1. Инновациялық технологияларды енгізу тұтастай жоғары білім берудің бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыруға, сонымен қатар ҚММУ бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпалын тигізеді.

2. Оқы жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу барысында сапаны басқару жүйесін құра отырып тек қана жақсаруды ғана іске асырып қоймай, КР денсаулық сақтау жүйесіне қажетті мамандарды дайындаудың сапасының деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1 Алексеева Л. Н. Инновационные технологии как ресурс эксперимента // Учитель. – 2004. – №3. – С. 78-81.

2 Государственная Программа развития образования РК на 2011-2020 годы. – Астана, 2010.

3 Гличев А. В. Основы управления качеством продукции. – М.: Стандарты и качество, 2001. – 416 с.

4 Инновационные технологии в обучении и оценке учебных достижений студентов Карагандинского государственного медицинского университета: монография /М. К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, В. Б. Молотов-Лучанский и др. – Караганда, 2010. – 118 с.

5 Изтлеуов М. К. Инновационные технологии обучения /М. К. Изтлеуов, В. П. Павленко. – Актобе, 2005. – 352 с.

6 Менин С. К. Проблемно-ориентированное обучение. –Нью-Мексико, 2007. – 56 с.

7 Сфера компетентности выпускника медицинского вуза специальности «Общественное здравоохранение» /Р. С. Досмагамбетова, М. Г. Калишев, Г. С. Кемелова и др. – Караганда, 2012. – 107 с.

8 Сфера компетентности выпускника Карагандинского государственного медицинского университета: навыки профилактической медицины и управления общественным здоровьем: Метод. рекоменд. /М.К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, С. Р. Жакенова, М. Г. Калишев. – Караганда, 2010. – 25 с.

9 Сабыров Т. Оқыту теориясының негіздері. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім министрлігі баспаханасы, 1992. – С. 38-43.

10 Сманқұлова Ж. Е. Оқытудың интерактивті әдісі (әдістемелік құрал). – Алматы, 2005. – 58 с.

REFERENCES

1 Alekseeva L. N. Innovacionnye tehnologii kak resurs jekcperimenta //Uchitel'. – 2004. – №3. – Р. 78-81.

2 Gocudapctvennaja Programma razvitiya obrazovaniya PK na 2011-2020 gody. – Astana, 2010.

3 Glichev A. V. Osnovy upravlenija kachestvom produkciij. – M.: Standarty i kachestvo, 2001. – 416 p.

4 Innovacionnye tehnologii v obuchenii i ocenke uchebnyx doctizhenij studentov Kapagandinskogo gosudarstvennogo medicinckogo universiteta: monografija /M. K. Teleuov, R. C. Docmagambetova, V. B. Molotov- Luchanckij i dr. – Kapaganda, 2010. – 118 p.

5 Iztleuov M. K. Innovacionnye tehnologii obuchenija /M. K. Iztleuov, V. P. Pavlenko. – Aktobe, 2005. – 352 p.

6 Menin S. K. Problemno-opientirovannoe obuchenie. –N'ju-Meksiko, 2007. – 56 p.

7 Сфера компетентности выпускника medicinckogo vuza special'nosti «Obshhectvennoe zdavooxpanenie» /R. S. Docmagambetova, M. G. Kalishev, G. C. Kemelova i dp. – Karaganda, 2012. – 107 p.

Медицинское и фармацевтическое образование

8 Сеперу компетентности вүрүсукника Карагандинского государственного медицинского университета: науки профилактической медицины и управленија обшхектенным zdopov'ем: Метод. рекоменд. /М. К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, С. Р. Жакенова, М. Г. Калишев. – Караганда, 2010. – 25 р.

- 9 Sabyrov T. Оқыту теоріјасунұң negizdepi.
– Almaty: Қазақстан Recpublikasy Bilim minictpili baspanhanasy, 1992. – Р. 38-43.
10 Сманқұлова Zh. Е. Оқытудың интрапективті әдіси (әдіctemelik құрал). – Almaty, 2005. – 58 р.

Поступила 25.04.2017

A. K. Sultanov, S. R. Zhakenova, A. K. Sultanov, Ye. A. Abzhanov, K. T. Tulekbayeva, D. S. Dzhaketayeva,

A. K. Blyalova, D. S. Aubakirova, U. K. Makanova

ACTIVE TRAINING AS NECESSARY METHOD FOR THE DEVELOPING THE COMPETENCE OF THE FUTURE SPECIALISTS IN PUBLIC HEALTH

Department of Public health № 1 of the Karaganda state medical university (Karaganda, Kazakhstan)

Innovative methods and approaches could contribute the future doctors to learn to be more professional and to obtain the necessary skills.

Keywords: interactive methods of problem lectures, problem-based learning, methods of work in the group.

A. K. Султанов, С. Р. Жакенова, Е. А. Абжанов, К. Т. Тулеқбаева, Да. Ш. Джакетаева, А. К. Блялова,

Д. С. Аубакирова, У. К. Маканова

АКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК МЕТОД РАЗВИТИЯ КОМПЕТЕНТНОСТЕЙ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

Кафедра общественного здоровья и здравоохранения №1 Карагандинского государственного медицинского университета (Караганда, Казахстан)

В статье анализируются современные методы активного обучения, применяемые в образовательном процессе на кафедре общественного здоровья и здравоохранения №1 Карагандинского государственного медицинского университета. Инновационные методы и подходы в обучении могут научить будущих врачей профессионализму и осваивать необходимые навыки.

Ключевые слова: интерактивные методы проблемные лекции, проблемно-ориентированное обучение, методы работы в группе